

Техникалық емес түйіндеме

«Сапар» жобасы – ортақ пайдаланудағы
микроұтқырлық операциялары

Мазмұны

1. КІРІСПЕ	Error! Bookmark not defined.
1.1. Негіздеме	Error! Bookmark not defined.
1.2. Экологиялық және әлеуметтік бағалаудың мақсаты	Error! Bookmark not defined.
1.3. ЕҚҚДБ санаттауы.....	Error! Bookmark not defined.
2. ЖОБАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ.....	Error! Bookmark not defined.
2.1. Жобаға шолу	3
2.2. Операциялық әрекеттер	Error! Bookmark not defined.
2.3. Операциялық инфрақұрылым	Error! Bookmark not defined.
2.4. Цифрлық платформа және операциялық басқару жүйелері ...	Error! Bookmark not defined.
2.5. Географиялық қатысу және кеңею	Error! Bookmark not defined.
2.6. Жобаның тұрақты даму мақсаттары.....	Error! Bookmark not defined.
3. САЯСАТ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ НЕГІЗ	Error! Bookmark not defined.
3.1. Шолу.....	Error! Bookmark not defined.
3.2. ЕҚҚДБ-ның қолданылатын талаптары	Error! Bookmark not defined.
3.3. Ұлттық нормативтік негіз	Error! Bookmark not defined.
3.4. Қала деңгейіндегі операциялық және ұтқырлықты бақылау шаралары ..	Error! Bookmark not defined.
3.5. Халықаралық стандарттар және халықаралық үздік салалық тәжірибе ..	Error! Bookmark not defined.
3.6. ЭӘБ қорытындылары	Error! Bookmark not defined.
4. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАЗАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР	Error! Bookmark not defined.
4.1. Қолданыстағы операцияларға шолу	Error! Bookmark not defined.
4.2. Экологиялық базалық жағдай.....	8
4.3. Еңбек және әлеуметтік базалық жағдай.....	Error! Bookmark not defined.
4.4. Кәсіптік денсаулық сақтау және қауіпсіздіктің базалық жағдайы.....	9
4.5. Қоғамдастықтың денсаулығы мен қауіпсіздігінің базалық жағдайы.....	Error! Bookmark not defined.

5. НЕГІЗГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ЖҰМСАРТУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ТҮЙІНДЕМЕСІ.....	Error! Bookmark not defined.
5.1. ЕҚҚДБ ЭӨТ 1 – Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер мен әсерлерді бағалау және басқару	Error! Bookmark not defined.
5.2. ЕҚҚДБ ЭӨТ 2 – Еңбек және еңбек жағдайлары ...	Error! Bookmark not defined.
5.3. ЕҚҚДБ ЭӨТ 3 – Қорларды тиімді пайдалану және ластануды болдырмау мен бақылау	Error! Bookmark not defined.
5.4. ЕҚҚДБ ЭӨТ 4 – Денсаулық сақтау және қауіпсіздік	Error! Bookmark not defined.
5.5. ЕҚҚДБ ЭӨТ 10 – Ақпаратты ашу және мүдделі тараптарды тарту	Error! Bookmark not defined.
6. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ІС-ӘРЕКЕТ ЖОСПАРЫ (ЭӘІЖ)	16
6.1. ЭӨТ 1 – Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер мен әсерлерді бағалау және басқару	16
6.2. ЭӨТ 2 – Еңбек және еңбек жағдайлары	16
6.3. ЭӨТ 3 – Қорларды тиімді пайдалану және ластануды болдырмау мен бақылау	16
6.4. ЭӨТ 4 – Денсаулық сақтау және қауіпсіздік	17
6.5. ЭӨТ 10 – Ақпаратты ашу және мүдделі тараптарды тарту	17
6.6. Жүзеге асыру және мониторинг	Error! Bookmark not defined.
7. ОҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПАЙДА	Error! Bookmark not defined.
8. МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫ ТАРТУ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛАР	Error! Bookmark not defined.
9. ҚОРЫТЫНДЫ	Error! Bookmark not defined.

1. КІРІСПЕ

1.1. Негіздеме

Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚҚДБ) Jet компаниясы Қазақстан, Әзербайжан, Өзбекстан және Грузияны қоса алғанда, бірнеше елде пайдаланатын ортақ пайдаланудағы микроұтқырлық қызметтерін кеңейту мен пайдалануды қамтитын «Сапар» жобасына (бұдан әрі - «Жоба») қаржылық қолдау көрсетуді қарастырып отыр.

Jet компаниясы қалалық ортада ортақ пайдаланудағы электрлік микроұтқырлық қызметтерін мобильді қосымшалар, автопарктерді басқару жүйелері, қызмет көрсету орталықтары, батареяларды зарядтау және сақтау инфрақұрылымы, логистикалық операциялар мен клиенттерді қолдау жүйелерімен қамтамасыз етілетін цифрлық операциялық платформа арқылы пайдаланады. Компанияның операциялық үлгісі төмен көміртекті көлік балама түрлері арқылы «бірінші миль» және «соңғы миль» қалалық ұтқырлығын қолдайды және автопарк жағдайын бақылауға, жүргізушілерді басқаруға және операцияларды жоспарлауға арналған автопаркті цифрлық басқару, телематика, геоқоршау және операциялық деректер жүйелерін қамтиды.

Компанияның қызметі белгіленген операциялық аймақтарда электрлі самокаттар мен электрлі велосипедтерді орналастыруды, зарядтауды, техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді және қайта бөлуді қамтиды.

Жоба ірі көлемдегі өнеркәсіптік нысандарды, өндірістік операцияларды немесе бастапқы инфрақұрылымды дамытуды қамтымайды. Операциялық қызмет негізінен қолданыстағы қалалық коммерциялық немесе өнеркәсіптік нысандар, оның ішінде қызмет көрсету орталықтары мен қоймалар шеңберінде жүзеге асырылады.

1.2. Экологиялық және әлеуметтік бағалаудың мақсаты

Жоба бойынша ЕҚҚДБ-ның Экологиялық және әлеуметтік саясатына (2024), қолданылатын экологиялық және әлеуметтік талаптарға (ЭӨТ), қолданыстағы ұлттық нормативтік талаптарға және халықаралық үздік салалық тәжірибеге (ХҮСТ) сәйкес экологиялық және әлеуметтік бағалау (ЭӨБ) жүргізілді.

ЭӨБ-тың мақсаты келесілерді қамтыды:

- Жобаның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері мен әсерлерін анықтау және бағалау;
- Компанияның экологиялық және әлеуметтік менеджмент жүйелерін, саясаттары мен операциялық бақылау шараларын қарау;
- Қолданыстағы нормативтік талаптар мен ЕҚҚДБ-ның экологиялық және әлеуметтік талаптарына сәйкестікті бағалау;
- Экологиялық және әлеуметтік көрсеткіштерді жақсарту мүмкіндіктерін анықтау;

- Кәсіптік денсаулық сақтау мен қауіпсіздік, еңбек және қоғамдастықтың денсаулығы мен қауіпсіздігі жөніндегі шараларды бағалау; және
- ЕҚҚДБ талаптары мен ХҮСТ-ке сәйкестікті қолдау үшін Экологиялық және әлеуметтік іс-әрекет жоспарын (ЭӘІЖ) әзірлеу.

ЭӘБ келесілерді қамтыды:

- Компанияның құжаттамасын, саясаттарын, рәсімдерін және жалпыға қолжетімді ақпаратты қарау;
- Қолданыстағы құқықтық және нормативтік талаптарды қарау;
- Баку (Әзербайжан), Алматы (Қазақстан) және Сан-Паулудағы (Бразилия) операциялық нысандарға барып, зерттеу жүргізу;
- Компания қызметкерлерімен және операциялық топтармен сұхбат жүргізу; және
- Экологиялық, әлеуметтік, кәсіптік денсаулық сақтау мен қауіпсіздік, қоғамдастықтың денсаулығы мен қауіпсіздігі, жол қауіпсіздігі және операцияларды басқару жөніндегі шараларды бағалау.

1.3. ЕҚҚДБ санаттауы

ЭӘБ қорытындылары бойынша Жоба ЕҚҚДБ-ның Экологиялық және әлеуметтік саясатына сәйкес В санатына жатқызылды.

Жобаның экологиялық және әлеуметтік әсерлері негізінен операциялық, нысанға тән және қайтымды сипатта болып, тиісті жұмсарту шаралары мен менеджмент жүйелері арқылы тиімді басқарылуы мүмкін. Негізгі мәселелерге кәсіптік денсаулық сақтау мен қауіпсіздік,



жол қозғалысы мен жол қауіпсіздігі, батареялар мен қалдықтарды басқару, еңбек және еңбек жағдайлары, қоғамдастықтың денсаулығы мен қауіпсіздігі, мүдделі тараптарды тарту, сондай-ақ экологиялық және әлеуметтік басқару жатады.

Бағалау процесінің шеңберінде Жобаның ЕҚҚДБ-ның қолданыстағы экологиялық және әлеуметтік талаптарына және ХҮСТ-ке біртіндеп сәйкестендірілуін қолдау үшін Экологиялық және әлеуметтік іс-әрекет жоспары (ЭӘІЖ) әзірленді.

2. ЖОБАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

2.1. Жобаға шолу

Jet компаниясы белгіленген қалалық қызмет көрсету аймақтарында цифрлық микроұтқырлық платформасы арқылы қысқа мерзімге микроұтқырлық құрылғыларын (электрлі самокат немесе электрлі велосипед) жалға алу қызметтерін ұсынады. Операциялық үлгі қалалық көлік жүйелерінде «бірінші миль» және «соңғы миль» байланысын қолдайтын қысқа қашықтыққа арналған икемді қалалық көлік баламаларын қамтамасыз етуге бағытталған. Пайдаланушылар қызметке мобильді қосымша арқылы қол жеткізеді, ол клиенттерге бекітілген операциялық аймақтарда микроұтқырлық құрылғысын табуға, құлыпін ашуға, пайдалануға және сапар үшін төлем жасауға мүмкіндік береді. Компанияның автопаркінде электрлі самокаттар айтарлықтай басым.

ЕҚҚДБ инвестициясы (i) Компанияның Орталық Азия және Кавказ (ОАК) өңірлеріндегі электрлі самокаттар паркін кеңейтуге, сондай-ақ (ii) Ресей тектес ескірген бағдарламалық жасақтамаға тәуелділікті жоюға, операциялық тиімділікті, қызмет көрсету сапасын және нормативтік талаптарға сәйкестікті арттыруға арналған Jet компаниясының меншікті бағдарламалық жасақтамасын әзірлеуге бірлесіп қаржыландыруға (бұдан әрі - «Жоба») пайдаланылады. Жоба «бірінші миль» және «соңғы миль» байланысын жақсартатын және қысқа қашықтыққа сапарлар үшін төмен көміртекті көлік баламаларын ілгерілететін ортақ пайдаланудағы микроұтқырлық қызметтерін ұсыну арқылы тұрақты қалалық ұтқырлықты қолдайды.

2.2. Операциялық әрекеттер

Компанияның операциялық қызметі ортақ пайдаланудағы электрлі самокаттарды орналастыруды, батареяларды зарядтауды және ауыстыруды, техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді, парк құрамын қайта бөлуді, логистиканы, клиенттерге қолдау көрсетуді, сондай-ақ парк операцияларын және жүргізушілермен өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін цифрлық жүйелерді басқаруды қамтиды. Операциялық қызмет далалық қызметкерлердің, қызмет көрсету орталықтарының жұмысының, қойма қызметінің және цифрлық парк менеджменті жүйелерінің үйлесімі арқылы қамтамасыз етіледі.

Батареяларды зарядтау, парк құрамын қайта бөлу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызмет паркінің қолжетімділігін, сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін самокаттар мен литий-ионды батареяларды жинауды, зарядтауды, тасымалдауды, тексеруді, жөндеуді және қайта орналастыруды қамтиды.

2.3. Операциялық инфрақұрылым

Жобамен байланысты операциялық инфрақұрылым қызмет көрсету орталықтарын, жөндеу шеберханаларын, қоймаларды, батареяларды зарядтау және сақтау аймақтарын, операциялық көлік құралдарын, цифрлық парк менеджменті жүйелерін, сондай-ақ клиенттерге қолдау көрсету және операциялық бақылау жүйелерін қамтиды.

Операциялық нысандар негізінен қолданыстағы коммерциялық немесе өнеркәсіптік аймақтарда орналасқан және электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау және кәріз жүйелері сияқты қолданыстағы муниципалдық инфрақұрылымды пайдаланады.

Жоба самокаттар немесе батареялар өндірісін, ірі көлемдегі өнеркәсіптік өндіріс процестерін немесе ірі бастапқы инфрақұрылымды дамытуды қамтымайды.

2.4. Цифрлық платформа және операциялық басқару жүйелері

Компанияның операциялық үлгісі парк операцияларын, пайдаланушылармен өзара әрекеттесуді және операцияларды жоспарлауды басқару үшін цифрлық жүйелер мен бұлттық басқару платформаларына айтарлықтай сүйенеді.

Мобильді қосымша платформасы (Jet және GoJet мобильді қосымшалары) пайдаланушыларға самокатты табуға, құлыпін ашуға, пайдалануға және оған төлем жасауға, операциялық нұсқаулықтарға қол жеткізуге, сондай-ақ операциялық мәселелер немесе оқиғалар туралы хабарлауға мүмкіндік береді.

Операцияларды басқару жүйелері парк күйін бақылауды, геоқоршауды және жылдамдықты басқаруды, операцияларды жоспарлауды, жұмыс күшін үйлестіруді, батареяларды басқаруды, клиенттерге қолдау көрсетуді және көрсеткіштерді бақылауды қамтамасыз етеді.

Осылайша, цифрлық жүйелер мен телематика Компанияның операциялық және тәуекелдерді басқару жүйесінің маңызды құрамдас бөлігін құрайды.

2.5. Географиялық қатысу және кеңею

Қазіргі уақытта Компания бірнеше халықаралық нарықта жұмыс істейді және өз қызметін қосымша қалалар мен елдерге кеңейтуді жалғастыруды жоспарлап отыр.

Операцияларға жергілікті инфрақұрылым, муниципалдық талаптар мен нормативтік база, оның ішінде жылдамдықты басқаруға, геоқоршауға, тұраққа қоюға, жүргізушілердің пайдалану құқығына сай болуына және деректер алмасуға қатысты талаптар әсер етеді.

Компания жаңа қалалар мен елдерге кеңейген сайын, операцияларды жоспарлау кезінде жергілікті инфрақұрылым, жол қозғалысы жағдайлары, пайдаланушылар сұранысы және қолданыстағы нормативтік талаптарды ескеру жалғастырылады.

2.6. Жобаның тұрақты даму мақсаттары

Жоба төмен көміртекті ұтқырлық шешімдерін ілгерілету, қысқа қашықтыққа сапарлар үшін жоғары шығарынды көлік түрлеріне тәуелділікті азайту, «бірінші миль» және «соңғы миль» байланысын қолдау, сондай-ақ біріктірілген қалалық ұтқырлық жүйелеріне және жылыжай

газдарының шығарындыларын азайту мақсаттарына үлес қосу арқылы тұрақты қалалық көлік мақсаттарын қолдайды.

Бағалау барысында қаралған ақпаратқа сүйене отырып, Компания платформа арқылы жасалатын сапарлардың бір бөлігі өйтпеген жағдайда жоғары шығарынды көлік түрлерімен жасалатын сапарларды алмастырады деп есептейді, бұл өз кезегінде қалалық көлік қызметімен байланысты жылыжай газдарының шығарындыларын азайтуға ықпал етеді.

Сондай-ақ Жоба ЕҚҚДБ-ның корпоративтік капитал әдістемесі шеңберінде Париж келісімінің климаттың өзгеруін жұмсарту мақсаттарына сәйкес келеді деп бағаланды.

3. САЯСАТ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ НЕГІЗ

3.1. Шолу

Экологиялық және әлеуметтік бағалау (ЭӘБ) ЕҚҚДБ-ның Экологиялық және әлеуметтік саясатының (2024) талаптарына, қолданылатын экологиялық және әлеуметтік талаптарға (ЭӨТ), тиісті ұлттық нормативтік талаптарға және халықаралық үздік салалық тәжірибеге (ХҮСТ) сәйкес жүргізілді.

Бағалау барысында Жоба қызмет ететін елдерде қолданылатын экологиялық, еңбек, кәсіптік денсаулық сақтау мен қауіпсіздік, қоғамдастықтың денсаулығы мен қауіпсіздігі, мүдделі тараптарды тарту және операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі талаптар ескерілді.

Сондай-ақ ЭӘБ шеңберінде ортақ пайдаланудағы микроұтқырлық қызметтерінің операциялық сипаттамалары, оның ішінде жол қауіпсіздігі, қоғамдық инфрақұрылыммен өзара әрекеттесу, цифрлық операциялық жүйелер және пайдаланушылармен өзара әрекеттесу қарастырылды.

3.2. ЕҚҚДБ-ның қолданылатын талаптары

Жоба ЕҚҚДБ-ның Экологиялық және әлеуметтік саясатының (2024) қолданылатын талаптарына, оның ішінде келесідей экологиялық және әлеуметтік талаптарға (ЭӨТ) сәйкес бағаланды:

- ЭӨТ 1: Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер мен әсерлерді бағалау және басқару;
- ЭӨТ 2: Еңбек және еңбек жағдайлары;
- ЭӨТ 3: Қорларды тиімді пайдалану және ластануды болдырмау мен бақылау;
- ЭӨТ 4: Денсаулық сақтау, қауіпсіздік және қорғау; және
- ЭӨТ 10: Мүдделі тараптарды тарту.

Жобаның сипаты мен ауқымын ескере отырып, ЕҚҚДБ-ның келесі ЭӨТ қолданылмайды деп бағаланды:

- ЭӨТ 5: Жерді сатып алу, жерді пайдалануды шектеу және мәжбүрлі қоныс аудару;
- ЭӨТ 6: Биоалуантүрлілікті сақтау және тірі табиғи қорларды тұрақты басқару;
- ЭӨТ 7: Жергілікті халықтар;
- ЭӨТ 8: Мәдени мұра; және

- ЭӨТ 9: Қаржы делдалдары.

Бағалау операциялық экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді анықтауға, сондай-ақ Компанияның менеджмент жүйелерін, рәсімдері мен операциялық бақылау шараларын ЕҚҚДБ-ның қолданыстағы талаптарына сәйкестігі тұрғысынан бағалауға бағытталды.

3.3. Ұлттық нормативтік негіз

Жобаға қатысты қолданыстағы ұлттық экологиялық, еңбек, кәсіптік денсаулық сақтау мен қауіпсіздік, қалдықтарды басқару, көлік, халық денсаулығы, деректерді қорғау және басқа да нормативтік талаптар қарастырылды.

Сонымен қатар, Компанияның қызметіне қалалық аймақтардағы ортақ пайдаланудағы микроұтқырлық операцияларына қолданылатын муниципалдық деңгейдегі операциялық бақылау шаралары мен ұтқырлықты басқару жүйелері әсер етеді.

3.4. Қала деңгейіндегі операциялық және ұтқырлықты бақылау шаралары

Сондай-ақ операциялар қала деңгейіндегі операциялық бақылау шараларына, оның ішінде тұраққа қоюға, геоқоршауға, жылдамдықты шектеуге, жүргізушілердің құқыққа сай болуына, операциялық шекараларға, парк құрамын орналастыруға және қалалық жол қозғалысын басқаруға қатысты талаптарға бағынады. Бұл талаптар жергілікті инфрақұрылымға, жол қозғалысы жағдайларына және муниципалдық реттеу тәсілдеріне байланысты қалалар арасында әртүрлі болады.

3.5. Халықаралық стандарттар және халықаралық үздік салалық тәжірибе

Ұлттық нормативтік талаптар мен ЕҚҚДБ стандарттарынан бөлек, ЭӨБ шеңберінде экологиялық және әлеуметтік менеджментке, кәсіптік денсаулық сақтау мен қауіпсіздікке, қалдықтарды басқаруға, төтенше жағдайларға дайындыққа, жол қауіпсіздігіне, еңбекке және мүдделі тараптарды тартуға қатысты тиісті халықаралық стандарттар мен халықаралық үздік салалық тәжірибе (ХҮСТ) қарастырылды.

Сондай-ақ бағалау барысында ортақ пайдаланудағы микроұтқырлық операцияларына, операциялық қауіпсіздікке және батареяларды басқаруға қатысты халықаралық деңгейде танылған үздік тәжірибелер қарастырылды.

3.6. ЭӨБ қорытындылары

Жүргізілген бағалауға сәйкес, Компанияның қызметінің бағалау барысында зерттелген операциялық нысандарға қатысты қолданыстағы ұлттық нормативтік талаптарға негізінен сай келетіні анықталды. Сондай-ақ бағалау барысында ортақ пайдаланудағы микроұтқырлық операцияларын реттейтін нормативтік база бірнеше қызмет ететін елдер мен қалаларда үздіксіз дамып отырғаны, операциялық қауіпсіздікке, жүргізушілерді бақылауға, парктерді басқаруға, деректерді интеграциялауға және нормативтік сәйкестікті бақылауға қатысты талаптардың артып келе жатқаны атап өтілді.

Бағалау барысында қолжетімді ақпаратқа сүйене отырып, нормативтік талаптардың бұзылуының елеулі жағдайлары анықталған жоқ. Алайда, ЕҚҚДБ талаптары мен халықаралық үздік салалық тәжірибеге үздіксіз сәйкестікті қолдау үшін экологиялық және әлеуметтік басқаруды, менеджмент жүйелерін, мониторингті, кәсіптік денсаулық сақтау мен

қауіпсіздікті, еңбекті басқаруды, экологиялық көрсеткіштерді бақылауды және құжат айналымын бақылауды одан әрі күшейту мүмкіндіктері анықталды.

Осыған байланысты Компанияның барлық қызмет ететін елдеріндегі экологиялық және әлеуметтік менеджмент жүйелері мен операциялық бақылау шараларын біртіндеп күшейтуді қолдау үшін Экологиялық және әлеуметтік іс-әрекет жоспары (ЭӘІЖ) әзірленді. ЭӘІЖ-нің қысқаша мазмұны және ұсынылған жұмсарту шаралары осы техникалық емес түйіндеменің (ТЕТ) 6-бөлімінде келтірілген.

4. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАЗАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР

4.1. Қолданыстағы операцияларға шолу

Компанияның қызметі негізінен қызмет көрсету бағытында болып, өнеркәсіптік немесе өндірістік сипатта емес. Операциялық қызмет негізінен қызмет ететін қалалардағы қолданыстағы қалалық коммерциялық немесе өнеркәсіптік нысандар, оның ішінде қызмет көрсету орталықтары, қоймалар және батареяларды зарядтау аймақтары шеңберінде жүзеге асырылады.

Жоба цифрлық платформалармен, далалық операциялармен, техникалық қызмет көрсету жұмыстарымен, батареяларды басқару жүйелерімен және клиенттерге қолдау көрсету функцияларымен қамтамасыз етілетін ортақ пайдаланудағы электрлі самокаттар паркінің жұмысын қамтиды. Операциялық қызметке батареяларды зарядтау мен ауыстыру, самокаттарды тексеру мен оларға техникалық қызмет көрсету, парк құрамын қайта бөлу, қойма және сақтау операциялары, клиенттерге қолдау көрсету, сондай-ақ паркті цифрлық басқару жатады.

Батареяларды зарядтау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі қызмет паркінің қолжетімділігін, сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін самокаттар мен литий-ионды батареяларды жинауды, зарядтауды, сақтауды, тексеруді, жөндеуді және қайта орналастыруды қамтиды. Парк құрамын қайта бөлу жөніндегі қызмет операциялық аймақтар бойынша самокаттардың қолжетімділігін қамтамасыз етеді және жол қозғалысы жағдайларына, пайдаланушылар сұранысына және операцияларды жоспарлауға байланысты болады.

Цифрлық жүйелер мен телематика парк күйін бақылауды, операцияларды жоспарлауды, геоқоршауды, тапсырмаларды бөлуді, оқиғаларға ден қоюды және операциялық көрсеткіштерді бақылауды қамтамасыз етеді. Бағалау барысында зерттелген нысандар электрмен жабдықтау, сумен қамту және кәріз жүйелерін қоса алғанда, қолданыстағы муниципалдық инфрақұрылымды пайдаланды. Жоба шеңберінде ірі өнеркәсіптік өндіріс процестері, өндірістік операциялар немесе ірі көлемдегі тұрақты өнеркәсіптік инфрақұрылым анықталған жоқ.

Операциялар қалалық ортада жүзеге асырылатындықтан, операциялық көрсеткіштер мен тәуекелдерді басқаруға жол қозғалысы жағдайлары, қоғамдық инфрақұрылым, пайдаланушылардың мінез-құлқы және қала деңгейіндегі ұтқырлықты бақылау шаралары айтарлықтай әсер етеді.

4.2. Экологиялық базалық жағдай

Компанияның қызметі негізінен қызмет көрсету бағытында болып, өнеркәсіптік өндірісті немесе ірі көлемдегі тұрақты өнеркәсіптік инфрақұрылымды қамтымайды. Осыған байланысты, негізгі экологиялық аспектілер шағын көлемдегі қорды тұтынумен, қалдықтардың түзілуімен, батареяларды басқарумен және логистикалық қызметпен шектеледі.

Электр энергиясы негізінен литий-ионды батареяларды зарядтау үшін тұтынылады, ал отын негізінен парк құрамын қайта бөлуге және тасымалдауға арналған логистикалық көлік құралдарында пайдаланылады.

Жобамен байланысты су тұтыну салыстырмалы түрде шектеулі болып, негізінен самокаттарды жуу жұмыстарына және операциялық нысандардағы тұрмыстық қажеттіліктерге байланысты. Операциялық қызметтен түзілетін ағынды сулар қолданыстағы муниципалдық кәріз жүйелері арқылы төгілетіні анықталды, ал бағалау барысында табиғи су айдындарына тікелей төгу анықталған жоқ.

Негізгі қалдық ағындарына тұрмыстық қалдықтар, орау қалдықтары, зақымдалған самокат бөлшектері, электронды қалдықтар, пайдалану мерзімі аяқталған батареялар, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету жұмыстары кезінде түзілетін шектеулі көлемдегі қауіпті қалдықтар жатады.

Литий-ионды батареялар оларды сақтаумен, зарядтаумен, тасымалдаумен және пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін кәдеге жаратумен байланысты ықтимал тәуекелдерге байланысты негізгі экологиялық аспектілердің бірі болып табылады. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары бояулар, еріткіштер мен басқа да химиялық заттарды шектеулі көлемде пайдалануды да қамтуы мүмкін.

Бағалау барысында елеулі өнеркәсіптік немесе технологиялық ауаға шығарындылар анықталған жоқ. Ауаға шығарындылар негізінен электр энергиясын тұтынумен және логистикалық көлік құралдарының жұмысымен байланысты.

Бағалау барысында Компания қалдықтармен жұмыс істеу, батареяларды басқару және техникалық қызмет көрсету жөніндегі операциялық бақылау шараларын енгізгені анықталды. Алайда, барлық операциялар бойынша экологиялық мониторинг пен көрсеткіштерді бақылауды күшейту мүмкіндіктері әлі де бар.

Қорды тұтынуды бақылауға, қалдықтар мен қайта өңдеуді есепке алуға, жылыжай газдарының шығарындыларын бақылауға, ағынды суларды басқаруға және операциялар бойынша экологиялық көрсеткіштер деректерін біріктіруге қатысты жақсарту мүмкіндіктері анықталды.

Бағалау барысында ЕҚҚДБ талаптары мен халықаралық үздік салалық тәжірибеге сәйкес экологиялық мониторинг пен ресурстарды тиімді пайдалануды басқаруды одан әрі күшейту мүмкіндіктері анықталды.

4.3. Еңбек және әлеуметтік базалық жағдай

Компания өзі қызмет ететін елдерде тікелей қызметкерлер мен мердігерлік жұмысшылардың үйлесімін жалдайды. Қызметкерлер мен мердігерлік қызметкерлер

Компанияның ортақ пайдаланудағы микроұтқырлық қызметтерімен байланысты әртүрлі операциялық және қосалқы қызмет түрлеріне тартылған.

Жұмыс күшінің негізгі қызметіне самокаттарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеу, батареяларды зарядтау мен ауыстыру, парк құрамын қайта бөлу және логистика, қойма операциялары, клиенттерге қолдау көрсету және цифрлық операцияларды басқару жатады.

Персоналдың айтарлықтай бөлігі самокаттар мен батареяларды жинауды, зарядтауды, тасымалдауды және қайта бөлуді қамтитын далалық қызметпен айналысады. Осыған байланысты еңбек жағдайларына жол қозғалысы жағдайлары, операциялық кестелер, ауа райы жағдайлары, сондай-ақ қоғамдық инфрақұрылыммен және жол қозғалысы қатысушыларымен өзара әрекеттесу әсер етеді.

Компанияда тең мүмкіндіктерді, балалар мен мәжбүрлі еңбекті болдырмауды, жұмыс орнындағы тәртіпті, гендерлік негіздегі зорлық-зомбылық пен қудалауды, еңбек жағдайларын және кәсіптік денсаулық сақтау мен қауіпсіздік бойынша міндеттерді қамтитын еңбек және адами ресурстар саясаты бекітілген.

Жұмысшылар еңбекақыны, жұмыс режимін және демалысқа құқықты қоса алғанда, еңбек шарттары мен жағдайларын айқындайтын жазбаша еңбек шарттары негізінде жұмысқа қабылданады. Компания операциялық, техникалық қызмет көрсету және далалық қызметпен айналысатын персоналға операциялық оқыту және тапсырмаға сәйкес жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) ұсынады.

Компанияда бақылауды, демалыс аймақтарын, санитарлық-тұрмыстық жағдайларды және операциялық нысандарда алғашқы медициналық көмек көрсету шараларын қамтитын жұмыс орнындағы әл-ауқат шаралары белгіленген. Сондай-ақ Компания қызметкерлердің ұлттық заңнама талаптарына сәйкес қолданыстағы жергілікті денсаулық сақтау және сақтандыру жүйелері арқылы медициналық көмекке қолжетімділігі бар екенін хабарлады.

Компанияны бағалау барысында еңбек заңнамасының бұзылуы немесе еңбек дауы анықталған жоқ. Нысандарға бару кезінде жұмысшылармен өткізілген әңгімелесулер бағалау сәтінде еңбек жағдайларына немесе жұмыс орнындағы қатынасқа қатысты елеулі алаңдаушылық көрсеткен жоқ.

Персоналды бейімдеу мен жұмысқа кірістіруге, еңбекті басқару рәсімдеріне, психоәлеуметтік тәуекелдерді басқаруға, құжаттамаға, сондай-ақ еңбекті басқаруды Компанияның Экологиялық және әлеуметтік менеджмент жүйесіне (ЭӘМЖ) кіріктіруге қатысты жақсарту мүмкіндіктері анықталды.

4.4. Кәсіптік денсаулық сақтау және қауіпсіздіктің базалық жағдайы

Жоба далалық операциялармен, батареяларды зарядтаумен және олармен жұмыс істеумен, техникалық қызмет көрсетумен, логистикамен, қолмен жұмыс істеумен, сондай-ақ жол қозғалысымен және қоғамдық ортамен өзара әрекеттесумен байланысты кәсіптік денсаулық сақтау мен қауіпсіздік тәуекелдерін тудыратын операциялық қызметті қамтиды.

Негізгі кәсіптік қауіп-қатерлерге жол-көлік оқиғалары, қолмен жұмыс істеу кезіндегі жарақаттар, батарея мен электрге байланысты қауіптер, сырғанап құлау және жығылу, өрт

қауіп, эргономикалық тәуекелдер, сондай-ақ далалық қызметпен байланысты психоәлеуметтік тәуекелдер жатады.

Операциялық қызметтің айтарлықтай бөлігі далалық персоналдың батареяларды ауыстыру, самокаттарды жинау, парк құрамын қайта бөлу және логистикалық қызмет барысында қалалық жол қозғалысы ортасымен өзара әрекеттесуін қамтиды. Осыған байланысты кәсіптік жол қауіпсіздігі Компанияның операциялық тәуекел профилінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Компанияда өрт қауіпсіздігі, батареялармен жұмыс істеу, электр қауіпсіздігі, тиеу-түсіру жұмыстары, жабдықты қауіпсіз пайдалану, алғашқы медициналық көмек және химиялық заттармен жұмыс істеу сияқты қызмет түрлерін қамтитын кәсіптік денсаулық сақтау мен қауіпсіздік саясаты, операциялық рәсімдер мен стандартты жұмыс рәсімдері бекітілген.

Нысандарға бару барысында жұмысшылардың тапсырмаға сәйкес жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) пайдаланатыны байқалды, ал операциялық нысандар негізгі өрт сөндіру, алғашқы медициналық көмек және әл-ауқат шараларымен жабдықталған.

Сондай-ақ бағалау барысында операциялық нысандарда білікті және сертификатталған электр қауіпсіздігі жөніндегі мамандар жұмыс істейтіні, ал нысандарға бару кезінде байқалған электр жабдығы негізінен тиісті түрде жерге тұйықталғаны атап өтілді.

Компания қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес қызметкерлерге жұмысқа қабылдаудың алдында және кейіннен мезгілінше медициналық тексеру жүргізілетінін хабарлады. Сондай-ақ қызметкерлердің қолданыстағы жергілікті сақтандыру жүйелері арқылы медициналық көмекке қолжетімділігі бар екені хабарланды.

Кәсіптік денсаулық сақтау мен қауіпсіздік бойынша бірқатар шаралар қолданыста болғанымен, ресми кәсіптік денсаулық сақтау мен қауіпсіздік менеджменті жүйесін одан әрі күшейту мүмкіндіктері анықталды.

Ресми тәуекелдерді бағалау процестеріне, оқиғаларды тергеу жүйелеріне, төтенше жағдайларға дайындық шараларына, кәсіптік қауіпсіздік көрсеткіштерін бақылауға, психоәлеуметтік тәуекелдерді басқаруға, сондай-ақ операциялық қауіпсіздік мониторингін кеңірек менеджмент жүйелеріне кіріктіруге қатысты жақсарту мүмкіндіктері анықталды.

Жалпы алғанда, бағалау Компанияда кәсіптік денсаулық сақтау мен қауіпсіздіктің негізгі шаралары бекітілгенін, әрі ЕҚҚДБ талаптары мен халықаралық үздік салалық тәжірибеге сәйкес басқаруды, менеджмент жүйелерін және мониторингті одан әрі күшейту мүмкіндіктері бар екенін көрсетті.

4.5. Қоғамдастықтың денсаулығы мен қауіпсіздігінің базалық жағдайы

Жобамен байланысты қоғамдастықтың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қатысты ықтимал өзара әрекеттесулер негізінен жүргізушілер, жаяу жүргіншілер, қоғамдық инфрақұрылым және жол қозғалысының басқа да қатысушылары арасындағы өзара әрекеттесуді қамтитын ортақ пайдаланудағы электрлі самокат қызметтерінің қалалық ортада жұмыс істеуінен туындайды.

Жобаның операциялық үлгісі ортақ пайдаланудағы электрлі самокаттарды қалалық ортада орналастыруды қамтиды, бұл жаяу жүргіншілермен, велосипедшілермен, автокөлік құралдарымен, қоғамдық көлік жүйелерімен, муниципалдық инфрақұрылыммен, сондай-ақ балалар, қарт адамдар және мүгедектігі бар адамдарды қоса алғанда, осал жол қозғалысы қатысушыларымен тұрақты өзара әрекеттесуге алып келеді.

Компания ортақ пайдаланудағы микроұтқырлық қызметтерін қауіпсіз енгізуді қолдау үшін жылдамдықты басқару, геоқоршау, тұрақты бақылау, жүргізушілердің құқыққа сай болу талаптары, қосымша ішіндегі қауіпсіздік нұсқаулықтары, самокаттарды мезгілінше тексеру мен оларға техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ белгіленген аймақтардағы операциялық шектеулерді қоса алғанда, операциялық бақылау шараларын енгізді. Жаяу жүргіншілер, қоғамдық инфрақұрылым және жол қозғалысының басқа да қатысушыларына төнетін тәуекелдерді азайту үшін белгіленген операциялық аймақтарда геоқоршау мен жылдамдықты басқару шаралары қолданылады.

Қазіргі уақытта қолданыстағы операциялық бақылау шараларына қарамастан, ортақ пайдаланудағы микроұтқырлық операциялары электрлі самокаттардың қоғамдық қалалық ортада жұмыс істеуімен байланысты қоғамдастықтың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қатысты белгілі бір мәселелерді табиғи түрде қамтиды.

Қоғамдастықтың ықтимал алаңдаушылықтарына жол қауіпсіздігі, жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер арасындағы өзара әрекеттесу, осал жол қозғалысы қатысушыларына төнетін тәуекелдер, тұраққа дұрыс қойылмау, қауіпсіз емес жүргізу мінез-құлқы және қоғамдық инфрақұрылыммен өзара әрекеттесу жатады. Бағалау барысында жол қауіпсіздігі тәуекелдеріне жүргізушілердің мінез-құлқы, жол қозғалысы жағдайлары, жаяу жүргіншілердің қозғалысы, инфрақұрылым шектеулері және операциялық бақылау шараларының тиімділігі әсер ететіні анықталды.

ЭӘБ шеңберінде жүргізілген жол қозғалысы мен жол қауіпсіздігін бағалау операциялармен байланысты оқиғалардың жалпы деңгейі жалпы сапарлар санына қатысты салыстырмалы түрде төмен болып қалғанымен, қауіпсіздік тәуекелдеріне мінез-құлықтық, инфрақұрылымдық және операциялық факторлар әсер етіп отырғанын анықтады.

Бағалау барысында қоғамдастықтың ортақ пайдаланудағы микроұтқырлық қызметтеріне қатысты пікірі болашақта жылдамдықты басқаруға, тұраққа қоюға, жүргізушілерді тексеруге, сақтандыруға, деректер алмасуға және операциялық бақылау шараларына қатысты муниципалдық нормативтік талаптарға әсер етуі мүмкін екені атап өтілді.

Цифрлық жүйелер мен телематика парті басқаруда, жүргізушілерді бақылауда, операциялық мониторингте, сондай-ақ қоғамдастықтың денсаулығы мен қауіпсіздігіне төнетін тәуекелдерді басқаруда маңызды рөл атқарады.

Қоғамдастықтың денсаулығы мен қауіпсіздігін басқаруға, деректерге негізделген қауіпсіздік мониторингіне, операциялық деректер мен оқиғалар деректерін талдауға, жоғары тәуекелді операциялық аймақтарды анықтауға, жүргізушілердің мінез-құлқын бақылауға, мүдделі тараптармен коммуникацияға, сондай-ақ жол қауіпсіздігі мәселелерін операцияларды жоспарлауға кіріктіруге қатысты жақсарту мүмкіндіктері анықталды.

Жалпы алғанда, бағалау Компанияда қоғамдастықтың денсаулығы мен қауіпсіздігін қолдайтын бірқатар операциялық бақылау шаралары бекітілгенін, әрі ЕҚҚДБ талаптары мен халықаралық үздік салалық тәжірибеге сәйкес ресми тәуекелдерді бағалауды, қауіпсіздік мониторингін және жол қауіпсіздігін басқаруды одан әрі күшейту мүмкіндіктері бар екенін көрсетті.

5. НЕГІЗГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ЖҰМСARTU ШАРАЛАРЫНЫҢ ТҮЙІНДЕМЕСІ

5.1. ЕҚҚДБ ЭЭТ 1 – Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер мен әсерлерді бағалау және басқару

Бағалау барысында Компанияда кәсіптік денсаулық сақтау мен қауіпсіздікке, еңбекті басқаруға, операциялық бақылау шараларына, мүдделі тараптарды тартуға және корпоративтік басқаруға қатысты бірқатар экологиялық және әлеуметтік саясаттар, рәсімдер мен операциялық тәжірибелер бекітілгені анықталды.

Алайда, бағалау барысында бұл шаралар қазіргі уақытта бірнеше жеке рәсімдер мен операциялық тәжірибелер арқылы жүзеге асырылатыны және әлі де ЕҚҚДБ талаптары мен халықаралық үздік салалық тәжірибеге сәйкес келетін жан-жақты Экологиялық және әлеуметтік менеджмент жүйесіне (ЭӘМЖ) толық кіріктірілмегені анықталды.

Бағалау барысында экологиялық және әлеуметтік басқаруды, мониторинг пен есептілікті, заңнамаға сәйкестікті, мердігерлер мен жеткізу тізбегін басқаруды, операциялық деректерді интеграциялауды, климаттық тәуекелдерді бағалауды және құжат айналымын бақылауды күшейту мүмкіндіктері анықталды.

Экологиялық және әлеуметтік көрсеткіштер туралы деректер Компанияның операциялық жүйелері арқылы қолжетімді; алайда, бұл деректер барлық қызмет ететін елдер бойынша құрылымдалған экологиялық және әлеуметтік мониторинг жүйесіне әлі толық біріктірілмеген. Ақпараттық технологияларды басқаруды, киберқауіпсіздікті, сондай-ақ паркті басқару мен жүргізушілермен өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін цифрлық операциялық жүйелерді басқаруды күшейту мүмкіндіктері анықталды.

Сондай-ақ жаңа операциялық аймақтар үшін жол қауіпсіздігін, климатқа байланысты тәуекелдерді және жеткізу тізбегі тәуекелдерін ескеруді қоса алғанда, экологиялық және әлеуметтік бағалау процестерін күшейту мүмкіндіктері анықталды.

ЭӘБ басқару шараларын, тәуекелдерді бағалау, мониторинг, мүдделі тараптарды тарту, төтенше жағдайларға дайындық, оқиғаларды басқару және үздіксіз жетілдіру процестерін қамтитын, ЕҚҚДБ талаптарына сәйкес біріктірілген Экологиялық және әлеуметтік менеджмент жүйесін (ЭӘМЖ) енгізуді ұсынады.

ЭӘМЖ барлық операциялар бойынша экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді дәйекті басқаруды қолдау үшін Компанияның қолданыстағы операцияларды басқару жүйелері мен цифрлық платформаларына кіріктіріледі.

5.2. ЕҚҚДБ ЭЭТ 2 – Еңбек және еңбек жағдайлары

Қолданыстағы еңбек саясаты тең мүмкіндіктерді, балалар мен мәжбүрлі еңбекті болдырмауды, жұмыс орнындағы тәртіпті, гендерлік негіздегі зорлық-зомбылық пен қудалауды, еңбек жағдайларын және кәсіптік денсаулық сақтау мен қауіпсіздік бойынша міндеттерді қамтиды.

Жұмысшылар негізінен жұмыс режимін, еңбекақыны және демалысқа құқықты қоса алғанда, еңбектің негізгі шарттары мен жағдайларын айқындайтын жазбаша еңбек шарттары негізінде жұмысқа қабылданады. Техникалық қызмет көрсету, зарядтау, логистика және далалық қызметпен айналысатын операциялық персоналға тапсырмаларына сәйкес операциялық оқыту және жеке қорғаныс құралдары (ЖҚҚ) беріледі. Нысандарға бару барысында жұмысшылармен өткізілген әңгімелесулер бағалау сәтінде еңбек жағдайларына немесе жұмыс орнындағы қатынасқа қатысты елеулі алаңдаушылық көрсеткен жоқ. Компанияда жұмыс орнындағы мәселелер бойынша қызметкерлермен коммуникация мен шағымдарды қарау тетіктері бекітілген.

Алайда, бірқатар салаларда еңбекті басқару жүйелері мен ресми рәсімдерді күшейту мүмкіндіктері анықталды.

Бағалау барысында жаңадан қабылданған қызметкерлерді бейімдеу мен жұмысқа кірістіру шаралары қазіргі уақытта негізінен операциялық бақылау мен бейресми бағдарлау процестері арқылы жүзеге асырылатыны анықталды. Жұмысшылардың құқықтарын, жұмыс орнындағы тәртіпті, шағымдарды қарау тетіктерін, кәсіптік денсаулық сақтау мен қауіпсіздік бойынша міндеттерді және операциялық талаптарды қамтитын неғұрлым ресми әрі құрылымдалған бейімдеу бағдарламасы енгізіледі.

Сонымен қатар, бейімдеу бағдарламаларына, мердігерлерді басқаруға, психоәлеуметтік тәуекелдерді басқаруға, жұмысшылардың әл-ауқатына, құжаттамаға және еңбекті басқаруды кіріктіруге қатысты бірқатар жақсарту мүмкіндіктері анықталды, олар компанияның ЭӘМЖ-ін үздіксіз жетілдіру шеңберінде ескеріледі.

5.3. ЕҚҚДБ ЭЭТ 3 – Қорларды тиімді пайдалану және ластануды болдырмау мен бақылау

Жоба өндірістік операцияларды, елеулі өнеркәсіптік шығарындыларды немесе ірі көлемдегі ластану көздерін қамтымайды. Компанияның қызметі негізінен қызмет көрсету бағытында болып, негізгі экологиялық аспектілер батареяларды зарядтауға арналған электр энергиясын тұтынумен, самокаттарды жууға және тұрмыстық қажеттіліктерге су пайдаланумен, техникалық қызмет көрсету жұмыстарынан түзілетін қалдықтармен, батареяларды басқарумен, электронды қалдықтармен, логистикалық операциялармен байланысты отын тұтынумен және жанама жылыжай газдарының шығарындыларымен байланысты.

Бағалау барысында Компания батареялармен жұмыс істеуге, техникалық қызмет көрсету жұмыстарына және қалдықтарды басқаруға қатысты операциялық бақылау шараларын енгізгені анықталды. Алайда, барлық операциялар бойынша экологиялық менеджмент жүйелерін, экологиялық көрсеткіштерді бақылауды және ресурстарды тиімді пайдалануды одан әрі күшейту мүмкіндіктері анықталды.

Негізгі жақсарту мүмкіндіктеріне қорды тұтынуды бақылауды, қалдықтарды есепке алу мен қайта өңдеуді, батареялардың пайдалану циклін басқаруды, қауіпті қалдықтар мен химиялық заттарды басқаруды, жылыжай газдарының шығарындыларын бақылауды, ағынды суларды бақылауды, сондай-ақ қызмет ететін елдер бойынша экологиялық көрсеткіштер деректерін біріктіруді күшейту жатады.

Жоба қысқа қашықтыққа сапарлар үшін төмен шығарынды көлік баламаларын ұсыну және жоғары шығарынды көлік түрлеріне тәуелділікті азайтуға үлес қосу арқылы тұрақты қалалық көлік мақсаттарын қолдайды.

Қорды тұтынуды, қалдықтардың түзілуін, жылыжай газдарының шығарындыларын және экологиялық көрсеткіштерді бақылауды қамтитын, ЕҚҚДБ талаптары мен халықаралық үздік салалық тәжірибеге сәйкес құрылымдалған Қорларды тиімді пайдалану және ластануды болдырмау жүйесі ұсынылды және қорларды тиімді пайдалануды жақсарту мен экологиялық әсерлерді азайту үшін операциялық тәжірибелерді мезгілінше қарап отырумен қатар енгізілетін болады.

5.4. ЕҚҚДБ ЭЭТ 4 – Денсаулық сақтау және қауіпсіздік

Жоба ортақ пайдаланудағы микроұтқырлық қызметтерінің қалалық ортада жұмыс істеуімен байланысты кәсіптік және қоғамдастықтың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қатысты тәуекелдерді қамтиды. Негізгі тәуекелдер литий-ионды батареяларды басқару, электр жүйелері, техникалық қызмет көрсету жұмыстары, логистикалық операциялар, кәсіптік жол қауіпсіздігі, жүргізушілердің мінез-құлқы, сондай-ақ электрлі самокат операциялары, жаяу жүргіншілер және жол қозғалысының басқа да қатысушылары арасындағы өзара әрекеттесумен байланысты.

Кәсіптік денсаулық сақтау және қауіпсіздік

Негізгі кәсіптік денсаулық сақтау мен қауіпсіздік тәуекелдеріне электрге байланысты қауіптер, батареялармен жұмыс істеу мен оларды сақтау, өрт қаупі, техникалық қызмет көрсету жұмыстары, қолмен жұмыс істеу, химиялық заттармен жұмыс істеу, кәсіптік жол қауіпсіздігі, сондай-ақ далалық қызметпен байланысты психоәлеуметтік тәуекелдер жатады.

Бағалау барысында Компанияда батареялармен жұмыс істеу, өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі, сондай-ақ далалық қызметкердер үшін операциялық қауіпсіздік рәсімдерін қоса алғанда, кәсіптік денсаулық сақтау мен қауіпсіздік рәсімдері мен операциялық бақылау шаралары бекітілгені анықталды. Нысандарға бару барысында жұмысшылардың тиісті жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) пайдаланатыны байқалды, ал операциялық нысандар негізгі өрт сөндіру және алғашқы медициналық көмек шараларымен жабдықталған. Жоба шеңберінде кәсіптік тәуекелдерді бағалауды, оқиғаларды тергеуді, төтенше жағдайларға дайындықты, психоәлеуметтік тәуекелдерді басқаруды және барлық операциялар бойынша операциялық қауіпсіздік мониторингін кіріктіруді қоса алғанда, кәсіптік денсаулық сақтау мен қауіпсіздік менеджменті жүйесін одан әрі күшейту және ресімдеу жүзеге асырылатын болады.

Жол қозғалысы және жол қауіпсіздігі

Жол қозғалысы мен жол қауіпсіздігін бағалау жол қауіпсіздігі тәуекелдеріне жүргізушілердің мінез-құлқы, жаяу жүргіншілермен және осал жол қозғалысы қатысушыларымен өзара әрекеттесу, жол қозғалысы жағдайлары, инфрақұрылым шектеулері және қала деңгейіндегі операциялық бақылау шаралары әсер ететінін анықтады. Компания жылдамдықты басқару, геоқоршау, тұрақты бақылау, жүргізушілерге арналған нұсқаулықтар, самокаттарды тексеру мен оларға техникалық қызмет көрсету бағдарламаларын, сондай-ақ белгіленген аймақтардағы операциялық шектеулерді қоса алғанда, бірқатар операциялық қауіпсіздік шараларын енгізді.

Жобаны іске асыру барысында операцияларды жоспарлау шеңберінде деректерге негізделген жол қауіпсіздігі мониторингін жетілдіру, операциялық деректер мен оқиғалар деректерін талдау, жоғары тәуекелді операциялық аймақтарды анықтау, далалық қызметкерлер үшін бағдар жоспарлау нұсқаулықтарын әзірлеу, жүргізушілердің хабардарлығын арттыру шаралары, муниципалдық органдармен үйлестіру, сондай-ақ жол қауіпсіздігі мәселелерін кіріктіру жүзеге асырылатын болады.

Қоғамдастықтың денсаулығы мен қауіпсіздігі

Бағалау барысында жүргізушілердің мінез-құлқы, жаяу жүргіншілермен өзара әрекеттесу, тұраққа дұрыс қойылмауы, осал жол қозғалысы қатысушылары, сондай-ақ ортақ пайдаланудағы электрлі самокаттардың қоғамдық қалалық ортада жұмыс істеуімен байланысты қоғамдастықтың денсаулығы мен қауіпсіздігіне төнетін тәуекелдер анықталды. Компания ортақ пайдаланудағы микроұтқырлық қызметтерін қауіпсіз енгізуді қолдау үшін операциялық бақылау шараларын енгізді; алайда, орынға тән тәуекелдерді бағалау, операциялық қауіпсіздік деректерін бақылау, телематиканы кіріктіру, сондай-ақ оқиғалар туралы ақпаратты шешім қабылдау процесіне енгізу, мүдделі тараптармен коммуникация және қауіпсіздік көрсеткіштеріне негізделген операциялық бақылау шараларын мезгілінше қарап отыру арқылы Қоғамдастықтың денсаулығы мен қауіпсіздігін басқаруды одан әрі күшейту мүмкіндіктері анықталды.

Жалпы алғанда, бағалау Компанияда кәсіптік және қоғамдастықтың денсаулығы мен қауіпсіздігін қолдайтын бірқатар операциялық бақылау шаралары бекітілгенін, әрі қолданыстағы жергілікті нормативтік талаптарға, ЕҚҚДБ талаптарына және халықаралық үздік салалық тәжірибеге сәйкес жол қауіпсіздігін басқаруды, мониторинг шараларын және төтенше жағдайларға дайындықты одан әрі күшейту мүмкіндіктері бар екенін көрсетті.

5.5. ЕҚҚДБ ЭЭТ 10 – Ақпаратты ашу және мүдделі тараптарды тарту

Жоба Компанияның қызмет ету аймақтарында қызметкерлер, мердігерлік жұмысшылар, жүргізушілер, жаяу жүргіншілер, муниципалдық органдар, жеткізушілер, мердігерлер, жергілікті қоғамдастықтар және қалалық инфрақұрылымның басқа да пайдаланушыларын қоса алғанда, мүдделі тараптардың кең ауқымымен өзара әрекеттесуді қамтиды.

Компанияда әртүрлі қалалар үшін мүдделі тараптарды анықтауға, ақпаратты ашуға, кеңес беруге, мүдделі тараптарды тартуға және барлық операциялар бойынша шағымдарды басқаруға арналған құрылымдалған негізді белгілейтін бірнеше Мүдделі тараптарды тарту жоспары (МТТЖ) бар. Жобаның бірнеше орналасу орны болғандықтан, Компания ішінде тарту, кеңес беру және шағымдарды басқару процесін оңтайландыру үшін жоба шеңберінде корпоративтік МТТЖ әзірленетін болады.

Бағалау Компанияда мүдделі тараптармен коммуникация және шағымдарды басқару шаралары бекітілгенін көрсетті. Мүдделі тараптарды мезгілінше картаға түсіру, осал топтармен тартуды кеңейту, мүдделі тараптарды тарту жөніндегі қызметтің құжаттамасы мен есептілігін жақсарту, гендерлік жауапты тарту тәжірибесі, сондай-ақ мүдделі тараптардың кері байланысын операцияларды жоспарлауға және экологиялық және әлеуметтік менеджмент жүйелеріне үздіксіз кіріктіру арқылы МТТЖ-ні іске асыруды одан әрі күшейту мүмкіндіктері анықталды.

Тиімді мүдделі тараптарды тартуды қолдау және ЕҚҚДБ талаптары мен халықаралық үздік салалық тәжірибеге үздіксіз сәйкестікті қамтамасыз ету үшін МТТЖ-ні үздіксіз іске асыруды, мезгіл-мезгіл қарап отыруды және жаңартып отыруды жалғастыру ұсынылады.

6. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ІС-ӘРЕКЕТ ЖОСПАРЫ (ЭӘІЖ)

6.1. ЭӘТ 1 – Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер мен әсерлерді бағалау және басқару

ЭӘІЖ ЕҚҚДБ талаптары мен халықаралық үздік салалық тәжірибеге сәйкес барлық операциялар бойынша қоршаған орта, әлеуметтік мәселелер, денсаулық сақтау және қауіпсіздікті (ҚӘДҚ), деректерді қорғауды және киберқауіпсіздікті қамтитын Біріктірілген менеджмент жүйесін (БМЖ) әзірлеу мен енгізуді қамтиды. Негізгі шараларға корпоративтік саясаттарды белгілеу, басқару шараларын, заңнамаға сәйкестікті басқаруды, экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді бағалау рәсімдерін, операцияларды басқару жоспарларын, еңбекті басқаруды, мүдделі тараптарды тартуды, төтенше жағдайларға дайындықты, құжат айналымын бақылауды, экологиялық және әлеуметтік мониторинг пен есептілікті, тиімділік көрсеткіштерін, басшылықтың қарауын, сондай-ақ операциялық және цифрлық деректерді экологиялық және әлеуметтік шешім қабылдау процестеріне кіріктіруді жатады, бұл тиісті ұйымдастырушылық әлеуетпен, оқытумен және ресурстарды бөлумен қамтамасыз етіледі.

6.2. ЭӘТ 2 – Еңбек және еңбек жағдайлары

Тиісті ЭӘІЖ шаралары құрылымдалған бейімдеу бағдарламаларын, шаршау тәуекелдерін бақылауды, жеткізушілерді басқару жүйелерін, Жеткізушілердің тәртіп кодексін, мердігерлер мен жеткізушілерді басқару рәсімдерін, жұмысшылардың шағымдарды қарау тетіктерін, психоәлеуметтік тәуекелдерді басқаруды, қызметкерлердің әл-ауқаты бағдарламаларын және кәсіптік денсаулық жазбаларын жүргізуді енгізу арқылы еңбекті басқару жүйелерін күшейтуге бағытталған. Сондай-ақ ЭӘІЖ барлық қызмет ететін елдер бойынша дәйекті іске асыруды қамтамасыз ету үшін еңбекті басқару құжаттамасын күшейтуді және еңбекті басқару шараларын Компанияның Экологиялық және әлеуметтік менеджмент жүйесіне кіріктіруді қамтиды.

6.3. ЭӘТ 3 – Қорларды тиімді пайдалану және ластануды болдырмау мен бақылау

ЭӘІЖ шаралары энергияны пайдалануға, батареялардың пайдалану циклін басқаруға, қалдықтарды басқаруға, ластануды болдырмауға және нормативтік талаптарға сәйкестікке баса назар аудара отырып, Компанияның қызметіне сай қорларды тиімді пайдалану мен экологиялық менеджмент тәжірибесін күшейтуге бағытталған. Сондай-ақ шараларға барлық операциялар бойынша экологиялық жағдайды үздіксіз жақсартуды қолдау үшін қалдықтар мен химиялық заттарды басқаруды, батареялардың пайдалану циклін

басқаруды, ластануды болдырмау шараларын, экологиялық мониторингті, операциялық деректерді интеграциялауды және ресурстарды тиімді пайдалану көрсеткіштерін мезгілінше қарап отыруды күшейту жатады.

6.4. ЭЭТ 4 – Денсаулық сақтау және қауіпсіздік

ЭЭИЖ шаралары Компанияның барлық операциялары бойынша кәсіптік, жол және қоғамдастықтың денсаулығы мен қауіпсіздігін басқаруды күшейтуге арналған. Негізгі шараларға Компанияның Біріктірілген менеджмент жүйесіне кіріктірілген ресми Кәсіптік денсаулық сақтау мен қауіпсіздік менеджменті жүйесін енгізу, кәсіптік тәуекелдерді бағалау, төтенше жағдайларға дайындық, жұмысшылардың денсаулығын бақылау, психоәлеуметтік тәуекелдерді басқару, мердігерлердің қауіпсіздігін басқару, батарея қауіпсіздігі рәсімдері, оқиғаларды тергеу және қауіпті материалдармен қауіпсіз жұмыс істеу жатады. Сондай-ақ жетілдірілген операциялық қауіпсіздік мониторингі, деректерге негізделген қауіпсіздікті басқару, жүргізушілерді бақылау шаралары, қоғамдастықтың денсаулығы мен қауіпсіздігі тәуекелдерін бағалау, телематика мен операциялық деректерді қауіпсіздік шешімдеріне кіріктіру, операциялық бақылау шараларын мезгілінше қарап отыру, сондай-ақ жұқпалы аурулардың алдын алу шаралары арқылы қолданыстағы жол және қоғамдастық қауіпсіздігі шараларын үнемі қарап, жаңартып отыру қарастырылады.

6.5. ЭЭТ 10 – Ақпаратты ашу және мүдделі тараптарды тарту

ЭЭИЖ шаралары тиімді мүдделі тараптарды тартуды, ақпаратты ашуды және шағымдарды басқаруды қамтамасыз ету үшін барлық операциялар бойынша Мүдделі тараптарды тарту жоспарларын (МТТЖ) енгізуді және мезгілінше қарап отыруды қамтиды. Негізгі шараларға мүдделі тараптарды картаға түсіру, инклюзивті және гендерлік жауапты тарту, ішкі және сыртқы мүдделі тараптар үшін шағымдарды қарау тетіктерін енгізу, шағымдарды бақылау және шешу, мүдделі тараптарды тарту жөніндегі қызметтің құжаттамасы мен есептілігі, мүдделі тараптардың кері байланысын операциялық шешім қабылдау процесіне кіріктіру, сондай-ақ тиісті экологиялық және әлеуметтік ақпаратты мезгілінше ашу жатады.

6.6. Жүзеге асыру және мониторинг

ЭЭИЖ-ні іске асыру Жобаға қатысты ЕҚҚДБ-ның экологиялық және әлеуметтік мониторинг талаптары шеңберінде бақыланатын болады. Компания ұсынылған шараларды өз қызметі бойынша біртіндеп енгізіп, оларды өзінің Біріктірілген менеджмент жүйесіне (БМЖ), басқару процестеріне және операциялық шешім қабылдауға кіріктіретін болады.

Мониторинг ЭЭИЖ-ні іске асыруды, экологиялық және әлеуметтік көрсеткіштерді, кәсіптік денсаулық сақтау мен қауіпсіздікті, мүдделі тараптарды тартуды, шағымдарды басқаруды, экологиялық мониторингті, оқиғалар туралы есептілікті, нормативтік талаптарға сәйкестікті және түзету шараларын іске асыруды мезгіл-мезгіл қарауды қамтиды. Компания ЭЭИЖ міндеттемелерінің орындалуын растайтын тиісті жазбаларды жүргізетін болады және ЭЭИЖ-ні іске асыру барысы мен экологиялық және әлеуметтік көрсеткіштер туралы ЕҚҚДБ-ға мезгілінше есеп беретін болады.

ЭЭИЖ экологиялық және әлеуметтік басқаруды, операциялық көрсеткіштерді және ЕҚҚДБ-ның қолданыстағы экологиялық және әлеуметтік талаптарына және халықаралық үздік салалық тәжірибеге сәйкестікті үздіксіз жақсартуды қолдауға арналған.

7. ОҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПАЙДА

Жобадан ортақ пайдаланудағы төмен шығарынды қалалық ұтқырлық қызметтерін қолдау және қалалық ортадағы тұрақты көлік баламаларын кеңейту арқылы бірқатар оң экологиялық және әлеуметтік пайда алу күтілуде. Жоба «бірінші миль» және «соңғы миль» байланысын ілгерілетеді, қысқа қашықтыққа сапарлар үшін көлікке қолжетімділік пен икемділікті жақсартады, сондай-ақ неғұрлым тұрақты қалалық көлік жүйелеріне көшуді қолдайды.

Күтілетін негізгі пайдаға төмен көміртекті көлік баламаларын ілгерілету, біріктірілген қалалық ұтқырлықты қолдау, жұмыспен қамту мүмкіндіктерін жасау, сондай-ақ жылыжай газдарының шығарындыларын азайту мақсаттарына үлес қосу жатады. Бағалау барысында қаралған ақпаратқа сүйене отырып, Компания платформа арқылы жасалатын сапарлардың бір бөлігі әйтпесе жоғары шығарынды көлік түрлерімен жасалатын сапарларды алмастырады деп есептейді, бұл жылыжай газдарының шығарындыларын азайтуға ықпал етеді.

Сондай-ақ Жоба операциялық тиімділік пен қызмет көрсетуді жақсартатын мобильді қосымшаларды, телематиканы, парк жағдайын бақылауды және деректерге негізделген операцияларды басқару жүйелерін пайдалану арқылы цифрлық ұтқырлықты қолдайды. Бұған қоса, самокаттар мен операциялық компоненттерге техникалық қызмет көрсету және олардың пайдалану мерзімін ұзарту уақыт өте ресурстарды тиімді пайдалануды жақсартуға және материалдарды тұтынуды азайтуға ықпал етеді.

Жоба ЕҚҚДБ-ның корпоративтік капитал әдістемесі шеңберінде Париж келісімінің климаттың өзгеруін жұмсарту мақсаттарына сәйкес келеді деп бағаланды және Жоба қызмет ететін елдер бойынша тұрақты қалалық ұтқырлық пен төмен шығарынды көлікке оң үлес қосады деп күтілуде.

8. МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫ ТARTУ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛАР

Мүдделі тараптарды тарту Жобаның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені Компанияның ортақ пайдаланудағы микроұтқырлық қызметтері көпшілікпен тікелей байланысты болып, жүргізушілермен, жаяу жүргіншілермен, жергілікті қоғамдастықтармен, муниципалдық органдармен және жол қозғалысының басқа да қатысушыларымен өзара әрекеттеседі.

Компания Жоба барысында мүдделі тараптарды анықтауға, ақпаратты ашуға, кеңес беруге және шағымдарды басқаруға бағдар беру үшін бірнеше орынға тән Мүдделі тараптарды тарту жоспарын (МТТЖ) әзірледі. Тиісті МТТЖ негізгі мүдделі тарап топтарын анықтайды, тиісті тарту әдістері мен коммуникация арналарын белгілейді, сондай-ақ Жоба қызметі мен мүдделі тараптардың кері байланысына сүйене отырып, мезгілінше қарап, жаңартып отыруды қамтамасыз етеді.

Негізгі мүдделі тарап топтарына қызметкерлер, мердігерлік жұмысшылар, жүргізушілер, муниципалдық органдар, көлікті реттеуші органдар, жергілікті қоғамдастықтар, жаяу жүргіншілер, осал жол қозғалысы қатысушылары, жеткізушілер, мердігерлер, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдар жатады.

Мүдделі тараптарды тарту Компанияның мобильді қосымшасын, клиенттерге қолдау көрсету платформаларын, электрондық поштаны, әлеуметтік желілерді, муниципалдық органдармен тікелей байланысты, сондай-ақ қызметкерлер мен операциялық қызметкерлер үшін ішкі коммуникация жүйелерін қоса алғанда, бірнеше коммуникация арнасы арқылы жүзеге асырылады.

Компанияда ішкі және сыртқы мүдделі тараптар үшін шағымдарды қарау тетіктері бекітілген. Мүдделі тараптар Компанияның клиенттерге қолдау көрсету арналары, мобильді қосымшасы, электрондық поштасы және басқа да қолжетімді коммуникация платформалары арқылы пікірлерін, алаңдаушылықтарын немесе шағымдарын бере алады. Шағымдар Компанияның бекітілген рәсімдеріне сәйкес, құпиялылық пен жеке деректерді қорғауды тиісті түрде ескере отырып қаралады. Операциялық көрсеткіштер мен экологиялық және әлеуметтік менеджментті үздіксіз жақсартуды қолдау үшін мүдделі тараптардың кері байланысы мен шағымдар тенденциялары мезгілінше қаралып отырады.

Тарту процесін оңтайландыру үшін корпоративтік деңгейдегі МТТЖ жоба бекітілгеннен кейін әзірленетін болады, ол инклюзивті мүдделі тараптарды тартуды ілгерілетіп, қажет болған жағдайда осал және аз қамтылған топтармен тартуды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ мүдделі тараптардың кері байланысы Компания қызмет ететін елдер бойынша жүргізушілердің хабардарлығын, операциялық қауіпсіздікті және қоғамдастықтың денсаулығы мен қауіпсіздігі шараларын үздіксіз жақсартуды қолдау үшін пайдаланылады.

Жоба бойынша байланыс және шағым беру

Жоба туралы қосымша ақпарат алғысы келетін, пікірлерін білдіргісі немесе алаңдаушылығын жеткізгісі келетін, сондай-ақ шағым бергісі келетін мүдделі тараптар мына байланыс арқылы хабарласа алады:

Байланыс деректері: support@jetshr.com, pr@jetshr.com.

Сондай-ақ шағымдарды тиісті жағдайларда Компанияның қолданыстағы клиенттерге қолдау көрсету арналары мен мобильді қосымшасы арқылы да беруге болады. Барлық шағымдар Компанияның Мүдделі тараптарды тарту жоспарына және бекітілген шағымдарды басқару рәсімдеріне сәйкес қаралатын болады.

9. ҚОРЫТЫНДЫ

«Сапар» жобасы бойынша ЕҚҚДБ-ның Экологиялық және әлеуметтік саясатына (2024), қолданылатын экологиялық және әлеуметтік талаптарға (ЭӨТ), қолданыстағы ұлттық нормативтік талаптарға және халықаралық үздік салалық тәжірибеге (ХУСТ) сәйкес экологиялық және әлеуметтік бағалау (ЭӘБ) жүргізілді.

Бағалау Жобаның экологиялық және әлеуметтік әсерлері негізінен операциялық, нысанға тән және басқарылатын сипатта болатынын көрсетті. Жоба ірі көлемдегі өнеркәсіптік өндірісті немесе ірі тұрақты өнеркәсіптік инфрақұрылымды қамтымайды, әрі бағалау барысында табиғи түрде елеулі экологиялық немесе әлеуметтік әсерлер анықталған жоқ.

Бағалау барысында Компанияда экологиялық және әлеуметтік басқаруға, еңбек пен еңбек жағдайларына, кәсіптік және қоғамдастықтың денсаулығы мен қауіпсіздігіне, операциялық

қауіпсіздікке, батареяларды басқаруға, мүдделі тараптарды тартуға және цифрлық операциялық жүйелерге қатысты бірқатар операциялық бақылау шаралары мен басқару шаралары бекітілгені анықталды. Экологиялық және әлеуметтік басқару, экологиялық көрсеткіштерді бақылау, кәсіптік және қоғамдастықтың денсаулығы мен қауіпсіздігін басқару, жол қауіпсіздігі, төтенше жағдайларға дайындық, мердігерлерді басқару, сондай-ақ корпоративтік Мүдделі тараптарды тарту жоспарын іске асыруға қатысты одан әрі күшейту мүмкіндіктері анықталды.

ЕҚҚДБ талаптары мен халықаралық үздік салалық тәжірибеге сәйкес Компанияның экологиялық және әлеуметтік менеджмент жүйелері мен операциялық тәжірибесін үздіксіз күшейтуді қолдау үшін Экологиялық және әлеуметтік іс-әрекет жоспары (ЭӘІЖ) әзірленді.

ЭӘІЖ іске асырылған жағдайда, Жоба ЕҚҚДБ-ның қолданыстағы экологиялық және әлеуметтік талаптарына және халықаралық үздік салалық тәжірибеге сәйкес жұмыс істеуге қабілетті деп саналады. Жоба ЕҚҚДБ-ның корпоративтік капитал әдістемесі шеңберінде Париж келісімінің климаттың өзгеруін жұмсарту мақсаттарына сәйкес келеді деп бағаланды. Сондай-ақ Жоба қызмет ететін елдер бойынша төмен шығарынды көлік баламаларын, цифрлық ұтқырлық шешімдерін ұсыну және «бірінші миль» мен «соңғы миль» байланысын жақсарту арқылы тұрақты қалалық ұтқырлыққа оң үлес қосады деп күтілуде.